



010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы,  
Жеңіс көшесі 29, 421 «А» офис  
www.bilim-ork.kz, astana-20n@mail.ru  
тел.: +7 707 142 74 40, 8 (71-72) 44-34-50

010000, город Астана, район  
Сарыарқа, ул. Победа 29, офис 421.  
www.bilim-ork.kz, astana-20n@mail.ru  
тел.: +7 707 142 74 40, 8 (71-72) 44-34-50

26.06.2025 №45-0077

Жамбыл облысының  
әкімі  
Қарашөкеев Ербол Шырақпайұлы мырзаға

Құрметті Ербол Шырақпайұлы!

2025 жыл – халқымыздың тарихи жадында айрықша орын алатын бірқатар маңызды оқиғалармен ерекшеленетін мерейтойлық жыл.

Биыл ұлы ойшыл Хакім Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы. Абай мұрасы – ұлттық руханияттың темірқазығы, ұрпақ тәрбиесінің, парасат пен білімге ұмтылудың мәңгілік үлгісі.

Сондай-ақ, 2025 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы аталып өтіледі. Татулық пен бірлікті ту еткен бұл ұйым еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің, этносаралық татулықтың нақты үлгісіне айналып, қоғамның дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Аталған айтулы мерейтойлармен қатар, Мемлекет басшысының Жолдауына сәйкес, 2025 жыл- «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Бұл бастама – кәсіби еңбек иелерінің қоғамдағы мәртебесін көтеріп, ел игілігі жолында тер төгіп жүрген азаматтардың үлесін жаңа деңгейде мойындауға бағытталған маңызды идеологиялық бағдар.

Осы тарихи маңызы зор мерейтойлардың аясында ел бірлігі мен еңбек адамының қоғамдағы ролін арттыру және Мемлекет басшысының еңбек адамының мәртебесін көтеру, адал қызмет пен кәсіби шеберлікті қоғамда кеңінен насихаттау жөніндегі стратегиялық ұстанымдарын қолдап, еліміздің дамуына елеулі үлес қосып, өз саласында адал еңбек етіп жүрген азаматтарды, еңбек адамдарын қоғамға кеңінен таныту және жас ұрпаққа үлгі ету мақсатында «Жаңа Қазақстан» Республикалық инновациялық орталығы «КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ» және «ПАРАСАТ ИЕСІ» атты республикалық патриоттық байқауларын өткізуді жоспарлауда.

Құрметті Ербол Шырақпайұлы! Аталған іс-шараларды қолдап, Сіз басқарып отырған Жамбыл облысына қарасты басқармаларды байқау ережелерімен ақпараттандыруды және барлық саланың мамандарын, яғни, Жамбыл облысының зиялы қауым өкілдерін, қоғам белсенділерін, облыстың дамуына үлес қосып жүрген азаматтарды ақпараттандырып, байқауға қатыстыруға ықпал етуіңізді сұраймыз (аудан, ауыл әкімдерін ақпараттандыруды сұраймыз).

Қорытынды іс-шараға Қазақстан Республикасының парламент депутаттары, қоғам қайраткерлері, елімізге белгілі тұлғалар, өнер жұлдыздары қатысады.

*Байқауға қатысу шарты қосымша 4 парақта*

Президентіміздің жолдауындағы ұлттық идеяларын жүзеге асыру мақсатындағы жобаларымызды қолдайды деп сенеміз. Күшіміз бірлікте!

Құрметпен,  
«Жаңа Қазақстан» Республикалық  
инновациялық орталығының директоры



Сәлімгерей Б.Н.

Орындаған: Набиев С.Т.  
+7 778 742 74 40, +7 747 702 52 62



**Хакім Абай Құнанбайұлының  
180 жылдық мерейтойы аясында  
«ПАРАСАТ ИЕСІ»  
республикалық байқауының  
ақпараттық хаты**



2025 жылы – қазақ халқының рухани темірқазығы, Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл. Бұл – ұлттық сананы жаңғыртып, Абайдың кемеңгерлік мұрасын қоғаммен сабақтастыруға арналған тағылымды белес.

Абайдың «Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» ұғымдары — адам болмысының үйлесімді дамуының өлшемі ретінде бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан емес.

Осыған орай, «Жаңа Қазақстан» Республикалық инновациялық орталығының ұйымдастыруымен еліміздегі әр салада ел игілігіне қызмет етіп жүрген азаматтар арасында өткізілетін «ПАРАСАТ ИЕСІ» атты республикалық байқауына қатысуға шақырамыз.

**Іс-шараның мақсаты:**

- Абай Құнанбайұлының мол рухани мұрасын ұлықтау;
- Ел игілігіне қызмет етіп жүрген өнегелі, парасатты тұлғаларды қоғамда насихаттау, жастарға үлгі ету;
- Абай іліміндегі «Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» тұжырымын негізге ала отырып, тұтас тұлғаның қалыптасуын насихаттау.

*Республикалық байқауға қатысушылар:*

- Білім және ғылым саласының мамандары;
- Медицина саласының мамандары;
- Спорт және мәдениет, өнер саласының мамандары;
- Әдебиет- көркем өнер саласының мамандары;
- Қоғам қайраткерлері;
- Ақпарат саласының мамандары;
- Экономистер;
- Әлеуметтік қызметкерлер;
- Дарынды жастар;
- Заңгерлер;
- Мемлекеттік қызметкерлер;

**Байқаудың шарттары:**

- 1 кезең бойынша байқау қатысушысы «**Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек – менің өмірлік ұстанымым**» тақырыбында эссе жазуы қажет. Абайдың адамгершілік тұжырымын өз өмірімен, кәсіби жолымен байланыстырып көрсетуі тиіс. Эссе мәтіні (Times New Roman, 14 кегль; жоларалық интервал: 1,0 см) 1,5 беттен кем болмауы керек.
- Өзі жайлы жазылған 2 беттен артық емес өмірбаянын (14 кегл, Times New Roman), өтініш кестесін жолдауы қажет. Сондай-ақ өмірбаяндағы жеткен жетістіктерін растайтын құжат көшірмелері (мыс.: алынған алғыс хат, сертификат, куәлік және т.б.) қоса тіркелуі тиіс. Құжаттарды [elorda\\_2023@mail.ru](mailto:elorda_2023@mail.ru) электронды почтасына немесе **+7 747 687 71 62 Whatsapp** номеріне **2025 жылдың шілде айының 15-не дейін** жолдауы тиіс.

**Байқау жеңімпаздарына:**

- Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арнайы тағайындалған «ПАРАСАТ ИЕСІ» мерейтойлық төсбелгісі;
- «ПАРАСАТ ИЕСІ» статуеткасы;
- Куәлік;
- Құрмет грамотасы;
- Сонымен қатар қатысушыға қолдау көрсеткені үшін мекеме басшысының атына **Алғыс хат** табысталады.

**Байқаудың марапаттау рәсімі** 5 тамыз Астана қаласында конференция түрінде өтеді. Қорытынды конференция бағдарламасы іріктеліп алынған қатысушыларға жіберіледі. Қорытынды конференция бағдарламасында ҚР белгілі тұлғалары мен ғалымдардың қолынан төсбелгі және арнайы марапаттар табысталады.

Ұйымдастыру алқасының сайты: <https://bilim-ork.kz/>

Инстаграм парақшасы: @bilim\_orkeniety

Ұйымдастыру алқасы:

+7 747 687 71 62, +7 747 702 52 62

**ӨТІНІШ КЕСТЕСІ WORD ТҮРІНДЕ ЖІБЕРІЛУІ ҚАЖЕТ**

Қатысушының тегі, аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, село (ауыл) атауы	
Қызмет орнының атауы, лауазымы	
Мамандығы, сала атауы	
Байқау атауы	<b>«ПАРАСАТ ИЕСІ»</b>
Телефон, ұялы, e-mail.ru	
Сапалы түрлі-түсті ¾ фото	
Мекен-жайы, жергілікті казпочтаның индекс номері	
Басшының толық аты-жөні	



**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ**  
**30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ**  
**«КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ»**  
**АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ**  
**ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ**



«Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы және «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай өтетін «**КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ**» атты республикалық байқауына барлық сала мамандарын және барлық этнос өкілдерін қатысуға шақырамыз!

**Іс-шараның мақсаты:**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей: «Қазақстан халқы Ассамблеясы – ел бірлігін сақтаудағы маңызды институт. Бұл – біздің ортақ үйіміз, мұнда әр халықтың дәстүрі мен мәдениеті құрметтеледі, ал ынтымақ пен достық бірінші орынға қойылады».

Осы негізде Мемлекет басшысының Жолдауындағы ұлттық бірлік пен келісімге деген шақыруды кеңінен насихаттау, Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы орны мен маңыздылығын көрсету.

Сонымен қатар, Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан халқы Ассамблеясының арқасында қалыптасқан татулық пен ынтымақ үлгісін жастарға жеткізу, әрбір азаматтың адал еңбегі мен елге деген сүйіспеншілігінің маңыздылығын көрсету.

**Республикалық байқау қатысушылары:**

Қазақстан Республикасының еңбек нарығында кемінде 5 жыл еңбек өтілі бар, ұлтжанды, ұжымында белсенді, абыройлы, өзінің парасаттылығымен жас буынға үлгі өнеге көрсетіп жүрген азаматтар және барлық этнос өкілдері.

**Байқаудың шарттары:**

Байқау екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең бойынша қатысушы өзі жайлы жазылған 2 беттен артық емес өмірбаянын (14 кегл, Times New Roman, 3-ші жақта жазылған), өтініш кестесін жолдауы қажет, сондай-ақ өмірбаяндағы жеткен жетістіктерін растайтын құжат көшірмелері (мыс.: алынған алғыс хат, сертификат, куәлік және т.б.) қоса тіркелуі тиіс.

Барлық құжаттар электрондық файлда жинақталуы тиіс. Құжаттар **astana-20s@mail.ru** электронды почтасына немесе WhatsApp +7 747 687 72 47 нөміріне 2025 жылдың **тамыз айының 10-на дейін** қабылданады.

Байқау жеңімпаздарына:

- «**БІРЛІК**» төсбелгісі;
- Куәлік;
- «**КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ**» статуеткасы;
- **ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ**;
- Қолдау көрсеткен мекеме басшысының атына **АЛҒЫС ХАТ** беріледі.

Байқаудың марапаттау рәсімі Астана қаласында конференция түрінде өтеді. Қорытынды конференция бағдарламасы іріктеліп алынған қатысушыларға жіберіледі. Қорытынды конференция бағдарламасында қоғам қайраткерлерінің, танымал тұлғалардың қолынан төсбелгі және арнайы марапаттар табысталады.

Ұйымдастыру алқасының сайты: <https://bilim-ork.kz/>

Инстаграм паракшасы: @bilim\_orkeniety

Ұйымдастыру алқасы:

+7 747 687 72 47, +7 747 702 52 62, +7 707 142 74 40, 8-71-72-44-34-50

### ӨТІНІШ КЕСТЕСІ ЖҰМЫСПЕН БІРГЕ ЖІБЕРІЛУІ ҚАЖЕТ

Қатысушының тегі, аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, село (ауыл) атауы	
Қызмет орнының атауы, лауазымы	
Мамандығы	
Байқау атауы	«КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ»
Телефон, ұялы, e-mail.ru	
Сапалы түрлі-түсті ¾ фото	
Мекен-жайы, жергілікті казпochtаның индекс номері	
Басшысының тегі, аты-жөні	

Отдел внутренней политики акимата города Тараз / А.Тойшибаев Т.А.